

**"Тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 ақпанда № 13278 болып тіркелді

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 141 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10587 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

аталған бұйрығымен бекітілген Тауар биржалары арқылы өткізілетін биржалық тауарлардың тізбесін және ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерінде:  
7 және 8 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«

|    |                                                                                          |      |             |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------|------|-------------|
| 7. | Таскөмір; таскөмірден алынған брикеттер, шекемтастар және қатты отынның ұқсас түрлері**  | 2701 | 3 000 тонна |
| 8. | Гагаттан басқа, агломерацияланған немесе агломерацияланбаған лигнит немесе қоңыр көмір** | 2702 | 3 000 тонна |

» ;

мынадай белгісімен :

«\* – көрсетілген тізбе астықтың мемлекеттік ресурсына қолданылмайды.» деген жол мынадай редакцияда жазылсын :

«\* – көрсетілген тізбе астықтың мемлекеттік ресурсына қолданылмайды;»;  
мынадай редакцияда жолмен толықтырылсын:

«\*\* – коммуналдық заңды тұлғалар сатып алу үшін.».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сауда қызметін р е т т е у д е п а р т а м е н т і :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және « Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і н і ң  
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы М. Құсайынов

« К Е Л І С І Л Д І »  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Э н е р г е т и к а М и н и с т р і н і ң  
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы  
М. Мырзағалиев

2016 жылғы 27 қаңтар